

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖАСАУ

Орындаған: Тоғыс Қ
Тобы: ФА12 003-2 қ

Жоспары:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Библиографиялық тізімдердің құру әдістері ;
- Библиографиялық тізім қарастыратын бөлімдер.
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиет

- **Библиография** дегеніміз гректің «библио – кітап», «графо – жазамын» деген мағынаны білдіреді.
- **Библиографиялық құрал** – белгілі тәртіппен реттелген библиографиялық жазбалар жиынтығы.
- **Библиографиялық құралдар** негізінен үлкен үш топқа бөлінеді. Олар: **тізімдер, шолулар, көрсеткіштер.**
- **Библиографиялық тізім** - библиографиялық жазбалардан тұратын ең қарапайым әдебиеттер тізімі.



- **Библиографиялық шолу** - ол жаңа кітаптар туралы әңгіме.

- **Библиографиялық көрсеткіштер дегеніміз не?**

Библиографиялық көрсеткіштердің сырты кәдімгі кітапқа ұқсағанымен ішкі мазмұны мүлде басқа. Себебі оларды «басқа кітаптар туралы кітаптар» деп те айтамыз. Олардың құрылысы күрделі. Көрсеткіштер мазмұнына сәйкес түрлі көмекші құралдармен жабдықталады (есімдер, тақырыптық, географиялық атаулар көрсеткіші).



- **Библиографиялық тізім** – бұл қолданған деректемелердің библиографиялық сипаттамасы бар және қорытындысынан кейін орналасатын библиографиялық аппараттың міндетті элементі.
- Библиографиялық тізімге негізгі мәтінде сілтемелер жоқ және автормен шынында пайдаланған емес дереккөздер енгізілмейді. Осы тізімді «Пайдаланған әдебиеттер тізімі» деп ат қою қажет.



Библиографиялық тізімдердің құру үшін келесі әдістер пайдаланады:

- әліпби;
 - хронологиялық;
 - жүйелі;
 - ретті (мәтіндегі басылымның бірінші ескертілуі ретінде және т.б.).
- 

- Әліпби, яғни библиографиялық сипаттамалардың қатаң әліпбилік авторлардың және басылым аттардың орналасуы. Бір автордың жұмыстарын – жұмыстарының аттары бойынша орналастырады, фамилиялас-авторлардың жұмыстарын – аты-жөнінің бірінші әріптері бойынша. Бұл сияқты әдіс топтастыруы тізім құрамында дереккөз саны бірнеше он данадан жоғары болмаса, ғана ақталады. Бір тізімде әр түрлі әліпбилерді араластыруға қажет емес.
- Хронологиялық ретімен басылым жылдары бойынша, ал әрбір жылда – кітаптардың аттары және авторлары бойынша орналастырады.



Жүйелі орналастыру ретінде библиографиялық сипаттамалар білімдердің сала, жеке сұрақтар, жеке бөлімдердің қисынды қатар бағынуда тақырып бойынша орналастыруы. Жүйелі бөліктерді қолжазбаның немесе тақырыптың маңызды мәселелерінің тараумен сәйкес орналастыру дұрыс. Тақырыпқа түгелдей қатысы бар жалпы сипаттың әдебиетін, ерекше бөлікке шығару жөнді.

- Мәтіндегі басылымның бірінші ескертілуі ретінде орналастыруы жиі пайдаланады. Бірақ осы сияқты орналастыру тізіммен қолдану қиын болады өйткені, оның ішінде тақырыптың ұғуын қарап шығу қиын, ол бойынша материалда осы автордың қай жұмыстарына үзінділер бар екенін тексеру оңай емес. Осылайша құрылған тізім, толық болмайды, өйткені мәтінде ескертілген ғана әдебиет қосылады және басқа да пайдаланған жұмыстарды көрсетпейді.

Қолданылған әдебиеттің тізімін құрастыру кезінде жалпы жазбалардан келесі құжаттар топтарын бөліп шығару керек:

- - әдіснамалық зерттеу базасын құрастыратын құжаттар;
- - ресми құжаттар (мемлекеттік, қоғам ұйымдардың, көпшілік қозғалыстардың және саяси партиялардың құжаттары);
- - зерттеу базасын құрастыратын құжаттық деректемелер. Статистикалық жинақтар, жылнамалар және тағы басқа статистикалық органдардың материалдары.

Хронологиялық ретінде социологиялық зерттеулердің материалдары;

- тақырып бойынша отандық пен шетелдік әдебиеттің тізімі.

Библиографиялық тізім қарастырады:

- Жеке басылымның библиографиялық сипаттамасы (кітаптар, жинақтар, автореферат, диссертация, электрондық ресурс және т.б.);
- Құжаттың құрамдас бөлігінің библиографиялық сипаттамасы (жинақтағы мақала, журнал, кітаптың тараулары, электрондық ресурстың құрылымдық бөлігі).

- Қазіргі кезде ГОСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың ережесі мен жалпы талаптары» стандарты қолданылады. Мемлекеттік стандартқа сәйкес библиографиялық сипаттаманың құрамы төмендегі элементтер аймағының жиынтығынан тұрады:
- *Тақырып және жауапты тұлғалар туралы мәліметтер аймағы.*
- *Басылым аймағы.*
- *Спецификалық мәліметтер аймағы.*
- *Шығу мәліметтері.*
- *Физикалық сипаттама аймағы.*
- *Серия аймағы.*
- *Ескертулер аймағы.*
- *Стандарттық нөмір (немесе оның баламасы) мен қол жету мүмкіншілік аймағы.*

- Сипаттаманың элемент аймақтары **міндетті және факультативті** болып бөлінеді. Жеке басылымның (кітаптар, видеокассеталар, аудиокассеталар, оптикалық дисктер) библиографиялық сипаттамасының **міндетті элементі шифр** болып табылады. Шифр – басылымның кітап қоймасындағы сөреде тұрған орнын білдіретін шартты белгі.
- Шифрға **индекс** (жіктеу кестелеріне сәйкес білім салаларының сандық белгілері) және библиографиялық сипаттаманың бірінші сөзі бойынша **авторлық белгілердің** арнайы кестесі арқылы анықталынатын авторлық белгілер (әріптер мен сандар) енеді. **Индекс пен авторлық белгі бөлшек** ретінде орналасады.

- МС-ға сәйкес **бір автордан үш** авторға дейінгі басылымдардың библиографиялық сипаттамасының **тақырыбы** ретінде **бірінші автордың фамилиясы жазылады**. Ал кейінгі авторлар және құжатты құрастыруға қатысқан басқа тұлғалардың фамилиясы сыпаттаманың тақырыпшасынан кейін көрсетіледі.
- Егер де **төрт немесе одан да көп автор** болса, онда сыпаттама **тақырыбы** ретінде **басылымның атау жазылып**, авторлардың фамилиясы тақырыпшада беріледі.

САТАНОВА, Л.М. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ [МӘТІН]: ОҚУЛЫҚ / Л.М.САТАНОВА. - АЛМАТЫ : БІЛІМ, 2010. - 224 б. - ISBN 5-280-00002-7.

Мұнда библиографиялық сипаттаманың міндетті элементтері көрсетілген:

- Сатанова, Л.М. — *сыпаттаманың бас тақырыбы (автордың фамилиясы мен аты-жөні);*
- Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы — *негізгі тақырып;*
- [Мәтін] — *материал ұсынылған физикалық форма (материалдың физикалық формасы әртүрлі болуы мүмкін: [Нота], [Карта], [Электрондық ресурс] және т.б.);*
- оқулық — *тақырыпқа қатысты мәліметтер (шығарманың түрі, жанры, қандай оқырман тобына арналғаны, басқа тілден аударылғаны жайлы және т.б.);*

- / Л.М.Сатанова — *жауапты тұлғалар туралы мәліметтер* (библиографиялық сыпаттаманың объектісі болатын құжатты құрастыруға қатысқан адамдар мен ұйымдар туралы ақпарат. Егер де кітапта екі немесе одан көп автор болса, онда қиғаш сызықтан кейін олар туралы мәліметтер көрсетіледі).
- Алматы: Білім, 2010 — *басылым шыққан жер (Алматы), басылымды әзірлеуші (Білім), басылымның шыққан уақыты (2010 жыл);*
- 224 б. — *құжаттың көлемі (басылымдағы беттердің саны);*
- ISBN 5-280-00002-7 — *сипаттама объектісіне берілген стандарт нөмірінің аймағы: кітаптың халықаралық стандарт нөмірі.*

Көп томдық басылымдар

- *Көп деңгейлі библиографиялық сыпаттама.*
Бабалар сөзі [Мәтін]: жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2010.

Жеке том

- Бабалар сөзі [Мәтін]: жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2010. – (Мәдени мұра). – 57-ші том: Тарихи жырлар. – 408 бет.
- Тақырыпқа қатысты мәліметтерде көп томдық басылым томдарының саны туралы мәлімет міндетті түрде көрсетіледі.

■ **Жинақтар, газеттер, журналдар мақалалары**
(бір, екі , үш және төрт автор)

■ *Аналитикалық сыпаттама.* Басылымды тұтастай қарастыратын сыпаттама түрлеріне қарағанда бұл сыпаттаманың өзгешелігі аналитикалық сыпаттаманың объектісі ретінде кітаптың құрамдас бөлімі (бөлім, тарау, параграф, мақала); журнал мақалалары; газет мақалалары; электрондық ресурстар алынады.

- **Кітаптың құрамдас бөліміне құрастырылған
аналитикалық библиографиялық сипаттама
құрастыру үлгілері:**

- ЖҰМАШЕВА, Т.С. МҰҒАЛІМНІҢ КОММУНИКАТИВТІК
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ [МӘТІН] / Т.С.ЖҰМАШЕВА
// «ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ – 8: ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР -
ӨРКЕНИЕТТІҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ
НЕГІЗДЕРІ»: ХАЛЫҚАР. ҒЫЛ.-ТӘЖ. КОНФ. ЕҢБЕКТЕРІ. –
ШЫМКЕНТ: М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚМУ, 2009. – Т. 1.
– 117-119 б.

Журнал, газет мақалаларына аналитикалық библиографиялық сипаттама құрастыру үлгісі:

- ЖЫЛЫСБАЕВА, А.Н. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЫНЫҢ МӘСЕЛелЕРІ [МӘТІН] / А.Н.ЖЫЛЫСБАЕВА // ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІ. - 2008. - № 1 (66). - 43-45 б.
- Егер құжаттың құрамдас бөлімі газетте орналасса, онда барлық элементтер бірдей сипатталып, басылым нөмірінің орнына шығарылған күн көрсетіледі.
- Мысалы: БАЙТАСОВ М. ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕ: ОТЫРАП АУДАНЫНА – 75 ЖЫЛ [МӘТІН] / М.БАЙТАСОВ // ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН. - 2010.- 21 ҚЫРКҮЙЕК. - 3 б.

Электронды ресурстар

- Рұқсат етілген жергілікті электрондық ресурстарға библиографиялық сипаттама құрастыру үлгісі:
- Әмірханов, М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы [Электрондық ресурс]: Электрондық кітап / М.Әмірханов. - А.: Нұр-пресс, 2007. - 1 электрон. опт. диск (CD-ROM) - Жүйелік бағдарламалар: IBM PC, Windows 98 Word 6.0.- Тақырыбы экраннан алынған.

- Рұқсат етілген алыстағы электрондық ресурстардың библиографиялық сипаттамасын құрастыру үлгісі:
- Рұқсат етілген алыстағы электрондық ресурстардың библиографиялық сипаттамасын құрастыру үлгісі:
- М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚМУ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГЫ [ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС]: МӘЛІМЕТТЕР БАЗАСЫ М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚМУ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚОРЫНА ТҮСКЕН БАРЛЫҚ БАСЫЛЫМ ТҮРЛЕРІН ҚАМТИДЫ. — ЭЛЕКТРОН.МӘЛІМЕТ (10 ФАЙЛ, 115 МЫҢ ЖАЗБА). — ШЫМКЕНТ, [199-]. — КІРУ ТӘРТІБІ: [HTTP://WWW.LIB.UKGU.KZ/](http://WWW.LIB.UKGU.KZ/) — ТАҚЫРЫП ЭКРАННАН АЛЫНҒАН.